

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2023 жылғы 4 желтоқсандағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекова «2023/2024 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасын, құрамын және бітіруші бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтары бойынша МАК төрағасын, құрамын бекіту» туралы ақпараты тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.1.2023/2024 оқу жылына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағалары бекітілуге ұсынылсын.
- 1.2.2023/2024 оқу жылына бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссияларының төрағалары бекітілсін.
- 1.3.«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023 жылдың 18 мамырдағы №05-04/388 «2023/2024 оқу жылына «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесінің ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағаларына және қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағаларына сағаттық негізде төлемақы төленсін.

2.Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың "Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейін сараптау, жұмыс берушілермен ынтымақтастық жолдарын жетілдіру" туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 2.1.Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейін сараптау, жұмыс берушілермен ынтымақтастық жолдарын жетілдіру» туралы баяндамасы назарға алынсын.
- 2.2 Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мақсатында жол картасы әзірленсін.

3. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың "Педагогикалық және өндірістік практикаларды ұйымдастыру мәселелері туралы" баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 3.1 Тұрақты түрде педагогикалық және өндірістік практиканың жүру барысының цифрлық ізін арнайы аккаунттар ашып, орналастырылсын.
- 3.2 LMS MOODLE жүйесін жетілдіріп, университеттің сервер мүмкіндігі ұлғайтылсын.
- 3.3 Бітіруші курс білім алушыларының өтініштерін ескере отырып, соңғы курстың пәндерін жазғы семестрде немесе модульді жүйеде оқытып, яғни теориялық сабақтарды практикаға дейін меңгеру ұйымдастырылсын
- 3.4 Педагогикалық емес ББ өндірістік практикалар базасы мен келісім шарттарды оқу жылы басталғанға дейін рәсімделсін.
- 3.5 Өндірістік практикаларды мүмкіндігіне қарай болашақ жас мамандарға мұқтаж өңірлік мекемелерге жіберуді тұрақты түрде ұйымдастырылсын.
- 3.6 Дуальды оқыту элементтерін, оның ішінде әдістемелік пәндердің семинар сабақтарын, орта білім беру мекемелерінде жүргізілуі қарастырылсын.
- 3.7 Жаңа оқу жылында мұғалімдер тапшылығын шешу мақсатында бітіруші курс білім алушыларының педагогикалық практикасы Астана қаласында тұрақты түрде ұйымдастырылсын.

4. Әртүрлі.

4. Әртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы



Б.А.Тілеп

Бас ғалым хатшы

MAI

М. А. Абсатова